# Ұстаз ұлағатты есім



**Ұрпақ тәрбиесі - ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.**

Ұстаз - ұлағатты есім. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде ұстаздың еңбегі зор. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғам қайраткері, ұлы тұлға болып өседі.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөзде орынды айтылған. Баланың бойындағы білім, біліктілік, мінез- құлық ұстаз арқылы қалыптасады.

Оқушыларды білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбиесін беріп, ұстаздық жолда 30 жылдан астам еңбек еткен, қазіргі таңда зейнеткер, қаламыздың тұрғыны Қабжанов Төлеубай ағамыз 75-жасқа толып отыр. Мұрағатымызда Төлеубай ағамыздың жеке тектік құжаттары сақталуда.

Қабжанов Төлеубай 1940 жылы 11 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелді ауданы Торғай совхозына қарасты Аралтөбеде дүниеге келген. Әкесі Төлендин Қабжан Ұлы Отан соғысына аттанып, Курск шайқасында қаза тапқан. Отағасы қайтқан соң үш баласын ағамыздың сыңары Егізбай, ағасы Қабдешті анасы Қапиза бағып, оқытып жеткізеді. Төлеубай ағамыз 1959-1960 оқу жылдары Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебін бітіріп, үш жыл Отан алдындағы парызын атқарып, 1963 жылы Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде оқып, 1968 жылы дипломын алады. Жоғары білім алып туған еліне оралып, зейнеткерлікке шыққанға дейін Торғайда еңбек етеді. Еңбегі еленіп, 1982 жылы СССР оқу Министрі Прокофьевтің Мақтау Грамотасымен марапатталады, 1983 жылы Қазақ ССР- нің Халық ағарту ісінің озық қызметкері атағы беріліп, төс белгісі табысталады. Осы жылы Аға мұғалім атағы да берілді.

Төлеубай ағамыздың алдынан өткен оқушылары да қазір еліміздің барлық аумағында еңбек етуде. Атап айтар болсақ, Елордамыз Астанада Ішкі Істер саласында түрлі қызмет жасаған, қазір демалыстағы полковник Хамзин Аққошқар Батырханұлы, Жангелді аудандық ауруханасының бас дәрігері болып бірнеше жыл қызмет жасаған Жаулыбаев Қабылан, қаламыздағы «Арқа дидары» телевидение басшысы Бекентай Айткүл Ескендірқызы, қалалық ауруханаың дәрігер-хирургі Мұқатов Талғат сияқты оқушыларының есімі елге белгілі. Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, аға мұғалім Төлеубай ағамыз қазір өмірлік жары Түймегүл апамызбен үш ұл, үш қыз өсірген үлкен отбасы. 2012 жылы өткізілген «Берекелі отбасы және тіл» қалалық байқауына Арқалық аймақтық мемлекеттік мұрағаты атынан қатысып жүлдегер атанды. Мекемелерде өткізілетін мерекелік іс-шараларға қатысып, жастарға тәрбие беруге өз үлесін қосуда.

Сөз соңында Төлеубай ағамызды мұрағат атынан құттықтап, зор денсаулық тілеп, балаларының, немерелерінің қызығын көре беруіне тілектігімізді білдіреміз.

**М.БОПИНА,**
**Арқалық аймақтық мемлекеттік мұрағатының жетекшісі.**